

## № 194 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

### **«www.pensiya.kz сайтында орналастырылған ЖЗҚ салымшыларына арналған ақпаратына қатысты»**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі www.pensiya.kz сайтындағы «Қалай ақша табу» және «Сауалдар» бөлігінде қаржылық қызмет көрсетудің тұтынушыларын адастыратын ақпарат орналастырылғаны туралы жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына хабарлауға қажет деп есептейді.

*Салымшының жинақталған зейнетақы қаражаттарын агенттің салымшыны тартуға шарт жасалған зейнетақы қорға аударған жағдайда, салымшының жинақтаушы зейнетақы қордың агентіне төленетін сыйақы сомасының пайызын алуына қатысты.*

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорлар (бұдан әрі - Қорлар) уәкілетті орган берген тиісті лицензиясы негізінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асырады. Тиісінше Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт Қор және салымшы арасында жасалады. Нарықты қамту және салымшылардың ең көп санын тарту мақсатында кейбір Қорлар шынында «зейнетақы агенттерінің» қызметтерін пайдаланады. Қордың атынан салымшылармен жұмысты жүзеге асырады, оларға осы Қордың абыройымен кемшіліктерін түсіндіреді және Қор және Салымшылары арасындағы шарт қатынастарын ресімдеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, Агентпен салымшы арасындағы туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмейді.

Өз кезегінде Қор мен Агент арасындағы қатынастар әдеттегідей Агенттің міндеті мен өкілеттігі әрі оған тиесілі сыйақының мөлшері көрсетілетін келісіммен ресімделеді.

Бұл ретте Агент салымшының зейнетақы қаражаттарын бір Қордан екінші Қорға аударған кезде өз бетімен қатыспайды, өйткені «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес салымшы жаңа Қормен зейнетақы шартты жасағаннан кейін оның зейнетақы қаражаттарының аударымдары «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚ арқылы жүзеге асырылады. Агенттің сыйақысы салымшының зейнетақы қаражаттарының есебінен төленбейді, Агент шарт жасаған Қордың өзінің қаражаттары есебінен төленеді.

Сонымен бірге, салымшы осы Қордың сенімділік және өз зейнетақы қаражаттарының сақталу критерийлерін басшылыққа ала отырып таңдауды жүзеге асыруға және тиісінше Қорды таңдаған кезде Қордан алынатын кірістің бөлігі болып табылатын Агенттен алатын кірістің негізін алмауға тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қосы отырып Қор және Агент арасындағы қатынастары реттелмеген, тиісінше Агенттің Қорға салымшыларды Тарту жөніндегі қызмет аясында жасайтын іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі оның Қормен арасында жасалған шартпен ғана реттелген. Бұл ретте осы Шартпен өзінің Агенті Қорға салымшыларды Тарту жөніндегі қызмет аясында жасалатын іс-әрекеттері үшін Қордың жауапкершілігі көзделмеуі мүмкін.

*Бір жарым жылдан кейін Қорды ауыстыруға салымшының құқықтарына қатысты.*

Заңның 27-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары және зейнетақы төлемдерді алушылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте өз зейнетақы қаражаттарын бір жинақтаушы зейнетақы қордан екіншісіне жылына екі рет аударуға құқылы.

Сонымен салымшылар өз зейнетақы қаражаттарын сайтта көрсетілген мерзімі аяқталғанына қарамастан– жарты жылда басқа Қорға аударуға құқылы және тиісінше сайтта айтылған Қорды ауыстыру туралы ақпарат салымшыларды олардың құқықтарына қатысты адастыру мүмкін.

*Салымшының инвестициялық кірісті алуға қатысты және Қордың инвестициялық кіріске құқығы.*

Заңның 1-бабы 32) тармақшасына сәйкес жинақталған зейнетақы қордың зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған ақша инвестициялық кіріс деп танылады. Заңның 55-бабы 1-тармағының 1) тармақшасымен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асыруға міндетті екені белгіленді.

Бұл ретте Қордың инвестициялық кірістің өсуі (төмендеуі) Қордың зейнетақы активтерін құрайтын қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне тікелей байланысты. Сондықтан инвестициялық кіріс нарықтық құнына байланысты өзгеруі мүмкін.

Заңның 1-бабы 38) тармақшасымен міндетті зейнетақы жарналары – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жинақталған зейнетақы қорға Заңға сәйкес енгізілетін ақша. Заңның 1-бабы 19) тармақшасына сәйкес салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұл және шартқа, Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге түсімдерін қоса отырып, оның жеке зейнетақы шотында ескерілетін ақшасы зейнетақы қаражаттар деп танылады.

Заңның 6-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекет алушыларға Заңмен және өзге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте зейнетақы төлемдеріне құқығын алу кезде құнсыздану деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы

жарналары нақты енгізілген мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорда міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді.

Заңның 48-бабы 1-тармағымен комиссиялық сыйақының шекті шамасын Қор инвестициялық кірістің 15% және бір айда зейнетақы активтерінің 0,05% аспайтын мөлшерде белгілейтіні анықталды. Бұл ретте Қор зейнетақы активтерін инвестициялаудан түсетін нақты (оң) инвестициялық кірісті алған жағдайда ғана инвестициялық кірістің комиссиялық сыйақыны өндіріп алуға құқылы.

Сондықтан Қордың зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық кірісті пайдалануға құқығы жоқ. Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен Қордың комиссиялық сыйақыны шегере отырып инвестициялық кірістен алынған сомасы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша таратылу тиіс.

Қосымша қазіргі уақытта Агенттік Қазақстан Республикасының зейнетақымен камсыздандыру туралы қолданыстағы заңнамасының нормасына өзгерістер мен толықтырулар туралы мәселесін осы уақытта «Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ талқыланатын Қорлардың Агенттерінің қызметіне жауапкершілігін күшейту бөлігінде қарайды.